



Автор: Төреш Алтынгүл Артықбайқызы

Пән: Дене шынықтыру

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Спорт ойындары арқылы командалық бірлесу әрекеттері

Тақырып: Қауіпсіздік ережесі.Ойын кезіндегі допты қолдану әдісін орындау.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.4.4 Денсаулықты нығайтуға бағытталған дене жаттығулары кезіндегі болуы мүмкін қауіп-қатерлерді анықтай білу 7.1.1.1 Кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және икемділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру
Сабақтың мақсаты:	1.Шағын ойын тапсырмалары бойынша топтарда қауіпсіз жұмыс істеу. 2.Негізгі шабуылдау және қорғану стратегияларын және тактикаларын бәсекелестік ойында қолданудың түрлі жолдарын ашу және табу. 3.Ойын кезінде қорғаныс және шабуылда шығармашыл болу қажеттілігін түсіну.
Күтілетін нәтиже:	Биология. Жүктеме кезіндегі жүрек қызметі.
Бағалау критерийлері:	• шабуылдау ойындары • шабуыл, қорғаныс • адал ойын, өзара әрекеттестік, жарыс • кеңістікте бағдарлану • командалық жұмыс • тактика, стратегиялар • Шабуылдау ойындары дегеніміз не? • Қорғаушы ойыншыны ойыннан шығарудың үздік тәсілі қандай?
Құндылықтарды дарыту:	Адалдық, серіктестік, толеранттылық, үштілділік, денсаулық, құрмет, жауапкершілік және үздіксіз оқу. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Планшет. Оқушылар тақырыпақа сәйкес интернет желісінен мағлұматтар қарайды.
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (15 минут)	• Оқушылардың зейін шоғырландыру; • Оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын, оқу мақсаттарын анықтап алу; • Оқушылардың сыртқы сипаттарына, көңіл-күйлеріне көңіл бөлу. Оқу тапсырмаларын сапалы орындаған оқушылар бағаланатыны хабарланады. • Сабақ сонында күтілетін нәтижелерге тоқталу; • Денені қыздыруға арналған жүру, жүгіру кезіндегі жаттығуларды орындау; Жалпы дене жаттығуларын өткізу;	
Сабақтың ортасы (15 минут)	(Ж, Т) Допты беруді, қағып алуды жақсарту бойынша жұптарда жұмыс істеу, жерден кері секіріп беру, қозғалыста беру элементтері. (ЖЖ, Т, Тәж, Ф) Допты беру. Ойыншылар екі бағанға тұрады, допты бірінші болып капитандар алады. Белгі бойынша балалар допты оң тұстарынан бір-біріне бере бастайды. Допты соңғы болып алған ойыншы бағанды айнала жүгіріп, алдына барып тұрады. Ойын қайталанады. Допты оң, сол тұстардан, басынан асыра беруге болады. Допты беруді бірінші болып аяқтаған және ережені дұрыс орындаған команда жеңіске жетеді: допты белгі бойынша бере бастау, орнынан кетпей беру, допты түсіріп алған оны көтереді де, келесі ойыншыға береді. (С, Т, ЖЖ, Ф) «Ит пен мысық». Балалар шеңбер бойымен отырады. Қызыл доп – «мысық», көк – «ит». Балалар мысықты шеңбер бойымен береді. Шамамен шеңбердің ортасынан бастап ойынға көк допты қосады, ол «мысықты» қуып жетуге тырысады. Ойын ережелері: ойынның бірде-бір қатысушысын өткізбей беру.	
Сабақтың соңы	Талқылауға арналған сұрақтар: Допты түсіріп алу үшін сендер қандай тактикаларды қолдандыңдар? Сендер допты қалай дәл жеткізіп бердіңдерме? Бұл ойында қандай жарақат қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін? Баскетбол ойыны барысында болуы мүмкін қандай жарақаттарды білесіңдер?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?</p> <p>1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>	